

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРІДЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР

Қайырғазина Айпара Азатқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Тарих факультетінің
Археология-этнология кафедрасының 2 курс студенті.

Ғылыми жетекшісі - Ботбайбекова С.К.

Халық тұрмысында мал терілерін қарапайым жолмен ұқсату көптен бері келе жатқан тәсілдердің бірі. Тері ыдыстары – ата-бабаларымыз арғы ғасырларда өздері шұғылданған мал өнімдерінен күнделікті тұрмыстарына қажетті бұйымдарын жасап, қолөнерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келген. Бұрынғы қазақ тұрмысына пайдаланатын тері, жүн, ағаш сияқты материалдан жасайтын ыдыстар күннен-күнге сиреп барады.

Тері ыдыстарының ерекшелігі – аңдар мен төрт түлік мал терілерінен илеп дайындайды. Тұрмыста қолайлы, жеңіл түрлері де көп. Көлемі ықшам, салмағы жеңіл, алып жүруге икемді, сыйымдылығы жоғары, әркім өз қажетіне қарай жасап алуға болатын, көшіп-қонуда ат көліктерімен алып жүріп, тасымалдауға қолайлы, ұлттық мәдениетіміздің ертеден қалыптасқан түрі.

Қазақта «Малдың демінен басқасының бәрі пайдалы» - деген тәмсіл сөз бар. Сондықтан бұған байланысты түрлі-түрлі ұғымдар туды. Мысалы, ірі қарамалдың иленбеген терісін шылғитері немесе шылғи қайыс, ал тері иленіп ұқсатылғаннан кейін оны қайыс деп атайды. Шылғи қайысты ұқсатудың екі түрлі жолы бар. Бірі — оның жүнін сылып тастап пайдалану, екіншісі — теріні жүнін сылымай-ақ пайдалану. Жүнді терілерден тулақ, тайтері, бөстек, тұлып, қауға, шанаш, мес, дорба, шарқай, т. б. жасалады. Жүнін алыптастаған терілерден көк, өкшесірі, көн, дабыл жасалады. Құрымға салынып, ысқа ұсталып, құмға қатырылған теріден саба, торсық, көнек, шанақ істеледі. Иленген теріден көк сауыр, таспа, қайыс, қапшық, құлын, жарғаң, бота ішік, шідер, жүген, айыл, тартпа, тамақбау, құлақбау сияқты нәрселермен қатар, былғары, ұлтан, опайке, шегрен, көзел, етік, мәсі, кебіс, қоржын, тоқым, ертұрман, тон, шалбар, шамадан, тақия, көпшік, белдік, кісе, кейде тұскиіз сияқты келемді заттар да жасалады. Ірі қараның терісі әрбір іске арнайы пайдаланылған. Соған қарай олардың әртүрлі атаулары бар. Мысалы, сиыр терілерін қолөнер шеберлері сиыр терісі, егіз терісі, тайынша терісі, бұзау терісі деп төртке бөліп атайды да, әртерінің өнбойы — жондың, қабырғалың, үйек бас тері, пұшпақ, мойын болып бірнеше түрге бөлінеді. Жылқы терісін — биетерісі, жабағы және құлын терісі деп үшке бөледі. Түйе терілерін атан терісі, бота терісі деп екіге ғана бөледі. Атан терісі, өгізтерісі және олардың жондықтары қолістеріне ең қолайлысы. Қой терілерін: жабағытері, қырықпәтері, күздіктері, соғымтерісі, тақыртері, тоқтышақтерісі, сеңсең, елтірі, мари, жылбысқәтерідеп он түрге бөліпә тайды. Осы терілер киім түрлерінің бәріне жарай береді. Ешкі терілерін – жүндестері, тақыртері, түбіттітері, серке терісі, лақтерісі, лақмариі деп бөледі. Ешкі терілері төзімді келеді. Сондықтан одан алуан түрлі киім тігеді, бөстек, тулақ, торсық, саба, қапшық жасайды [1 б].

Теріні ысқа әзірлеген де сиыр, жылқы, серке терілерінің пышақ кескен жері жоқ бүтінін таңдап алады да, жүнін ұстарамен сыпырып тастайды. Содан кейін 2—3 күн шошаланың төбесіне жайып не киіз қайнатқан құрымға салып қояды. Тері ашты құрымның күшімен иленген сияқтанып ширығып, шымырлана түседі және қарақошқы лөңге енеді. Содан кейін оны сорғытып, аз құрғатып үлгіге салып отырып сабаға, көнекке, иықты, торсықтарға, кеукеріндерге, қауғаға арнап пішеді де терінің қыртысын сыртына қаратып шуда жіппен жиі жөрмеп тігеді. Ертерек кезде жақсы торсықтарды тарамыспен тіккен [2]. Тері илеу технологиясы кезіндегі кейбір атауларға түсінік берер болсақ:

Бітеу сою – тұлып жасау үшін ешкі мен елік терісін жармай, бітеу сояды. Адамды теріге салуға қажет болғанда, қой терісін бітеу сояды. Бұдан басқа, түлкі, суыр сияқты жабайы жануарлардың терілері де бітеу сойылады.

Мәйек – уызға тойынған қозылардың ұлтабарында сақталатын ақ ірімшік. Мәйекті қозылар түрлі індет пен суыққа төзімді болады.

Сыздық – теріні бір-біріне қосып тіккенде тігістен су өткізбеу үшін арасына теріден, көздемеден, жіптен сыздық қойып тігеді.

Тарамыс – сахара жұрты кең қолданылған ширатқан тарамыс. Ірі қара малды сойғанда сирағынан тарамыс шығарып алып, оған өсімдік күлін жағып, көлеңкеде кептіреді. Ширатарда екі басындағы қатты жерін кесіп тастап, қажетіне қарай жіңішке, орта, жуан етіп, тарамысты ширатады.

Тарамыс ширату – ертедегі қазақ әйелдерін ісмерлікке баулудың жолы болған.

Мор – жерден ыстайтын тері ыдыстарын қоятындай арнаулы ор қазып, бір жағынан түтін шығаратын мұржа, бір жағынан от жағатын жерошаққа жалғап жасаған орын. Тері ыстағанда арша, қарағай, қайың бұтағы, долана, алма, өрік сынды жас ағаштарды жалын шығармай жағып, мордан ыс өткізеді. Жерошақ мордан шамамен 3-4 метр алыс жасалады. Түтін жолы мен мордың үстін түтін қашпастай етіп жабады.

Шуда жіп – түйенің шудасынан керіп жасайтын жүн жіп. Бұл тарамыстан кейінгі шыдамдылығы жоғары болатын жіп. Шуда – түйенің мойны мен тізесінен алынады.

Қызыл – тері ыдыстарын ыстаған соң және де пысықтап шыңдау үшін қарағай, қайың қабықтарына ырғайды жарып қосып, қайнатқан қызыл күрең су. Бұған тері ыдыстарын әбден малып, қызылын сіңірсе, шымырланып, шыдамдылығы артады.

Сыдырғыш – таспаның жуан, жіңішке, қалыңдығын теңеуде істейтін ешкі мүйізінен жасайтын өрімшілік сайманы

Ал енді сол осы тәсілдермен жасалған бұйымдарда не үшін пайдаланған деген сұрақ туындауы мүмкін, соған түсінік берсек. Қазақ халқы тері ыдыстарын үй тұрмысында қандайда бір құрғақ дүниелер салуға арналған кең тараған. Солардың бірнеше түрлеріне тоқталайын:

Бату. Ол биенің жатырынан жасаланатын жабдық-ыдыс, дорба. Бату екі айыр болып келеді. Иленіп, өңделген батуға әртүрлі заттар салып сақтайды. Тамағым бұзылмайды, көгермейді, ашымайды, ашымайды, ұзақ сақталады. Қазақ халқының дәстүрлі қап-ыдысының бірі- бүйен. Малдың бүйенін де қазақ халқы қажеттігіне жаратып келген. Сойылған малдың бүйенін алып, оны үрлеп, аузына мұрындық істік өткізіп байлап, шаңырақтың тағанынан немесе күлдіреуішіне іліп қояды. Кейде кереге іліп қояды. Кептірілген бүйенге сиыр, қой, ешкі сүттерінен айран еттіліп, іркіт болған сүттерді сабада пісіп, одан түскен майды қылшықтап, тұздап бүйенге нығай салады. Бүйенге салынған майды көбіне сәлемдемеге береді.Ықшам ыдыс-дорба [3.112-113 б].

Саба – қымыз, шұбат, іркіт, қой сүтінен ұйытқан айран сынды сусынды ашытатын ыдыс. Сабаға ағаштан арнаулы піспек жасап, ішіндегі сұйықтық піседі. Сабаға жинаған іркітті пісіп, майын алған соң, қайнатып, құрт жасайды және мәйекпен ұйытқан қой сүтін қайнатып, қызыл ірімшік, оны қайнатқан іркітпен немесе сүзбемен қосып, ежігей сықпа жасайды. Қымыз – бие сүтін сабада ашытып жасайтын қоректігі мол сусын. Шұбат – інген сүтін сабада ашытып жасайтын сусын. Сабаны – жылқы, сиыр терілерінен пайдаланушылардың қажетіне қарай, сыйымдылығы әртүрлі жасалады. Саба жасауға күздегі және соғым кезіндегі сойылған малдың терісін таңдайды. Сойған соң теріге тұз жағып, кеппей тұрғанда, қыртыстамай жүнін алып, керіп, сабаны пішеді. Сабаның алдыңғы, артқы екі жаны, түбі бөлек-бөлек белгілі өлшем бойынша кесіледі. Кішірек сабалардың алдыңғы беті мен түбі тұтас кесіледі. Артқы беті алдыңғы бетінен екі сүйемдей ұзын кесіліп, үшкірлеп, ұшына саба бау тағылады. Сабаның екі жаны алдыңғы бетінен бір қарыс қысқа кесіліп, ұшын сүйір етіп доғалдайды. Беттерін құрастырып тіккенде, осы сүйірленген орын сабаның екі нығы болады. Сабаның беттеріне, арасына сыздық салып, тізенің үстіне бастырғымен қысып отырып, ширатқан қос тарамыспен мықтылап тартып тігеді. Аузын терімен көмкереді. Түбінің екі жанына және екі иығына ұстауға ыңғайластырып, құлақбау бекітеді. Саба сүйір, тік төртбұрыш пішінде және сүйір дөңгелек көлемде жасалады. Тігіп болған соң, ішіне құм толтырып нығыздап, тігісін жатқызып, пішінін әдемілейді. Саба әбден

кепкен соң құмды төгіп, ысқа қояды. Ыс әбден сіңген соң қызылға салып, одан соң жуып, тазалап, майлап, ыс пен оттың дәмін кетіріп, қымыз ашытады [3.122 б].

Тұлып – сусын құйып, азық-түлік салып қоятын және тасымалдайтын тері ыдысы, су тасуға да қолайлы. Тұлыпты көбіне ешкі терісінен жасайды. Аң терісінен жасалған тұлыпқа ұн, ақтаған тары, ет, өзге де бұйымдарды сақтайды. Бұрынғы егіншілер мен шөпшілер осы тұлыпты көп тұтынған. Тұлып ешкі мен елік, бұзау мен құлын терісінен де жасалады. Ешкі тері тұлыпты қызыл тұлып, ақ тұлып дейді. Қызыл тұлыптарға сусындық құяды, су тасуға пайдаланады. Ақ тұлыптарға сүзбе салады. Тұлып жасайтын терілер бітеу сойылады, тұз жағып, тері кеппей тұрғанда, жүні алынады. Онан соң мойын, екі алдыңғы аяғын мықтап буып үрлеп кептіріп, теріні сындырып алмау шарты, ыстап, қызылға салып, мойын мен екі алдыңғы аяғын кесіп, арасына сыздық қойып, тарамыспен тігеді. Аузына тұлып бау, ауыз жіп бекітеді. Елік, бұзау, құлын терілерінің жүнін алмай, илеп жасайды [4. 3 б].

Торсық – қымыз, шұбат, айран тәрізді сусындар құйып, жолаушылап шыққанда қанжығаға байлайды. Үйде де сусын құйып сақтайды. Торсық түйе мен өгіз терілерінен жасалады. Терінің жас уағында жүнін алып керіп, өлшемін қарай екі беті мен мойны, түбі мен аузын тұтас өлшеп, екі бөлек кеседі. Өркеш терісінен жасайтын торсықтардың аузы мен нығы терінің төменгі жағынан жасалатындықтан, өркешті жармай сойғанда торсықтың аузы мен екі иығын дене терісінен шығарады. Теріні кескенде түп жағын кеңірек, иығын тарырақ кеседі. Екі бетінің арасына сыздық салып, бізді жиі шаншып, тарамысты мықты тартып, тігісінен су өтпейтіндей етіп тігеді. Тігіп болған соң ішіне құм толтырып, әбден нығыздап, таяқпен ысып, торсықтың сыртқы пішінін әдемілеп, екі бетіне сыдырғыштың ұшымен қатты басып, өрнек салады. Аузына қайың, долана сияқты қатты ағаштан өрнектеп тығын жасап, бау бекітіп, баудың бір ұшын торсықтың иығына бекітеді. Тері әбден кепкенде топырақты төгіп, ыстап, қызылға салып, тазартып, майлап дәмін кетіріп, пайдаланады.

Қап-дағар – астық салып тасымалдайтын ыдыс. Оны жылқы мен ешкі терісінен илеп, жүнін алып, тарамыспен немесе шуда жіппен тігеді.

Қоржын – жолаушы жүргенде, көшкенде, киім-кешек және басқа бұйымдар салатын, кәдімгі мата қоржын секілді. Қар мен жаңбыр өтпейтін тері қоржын. Тері қоржынды елік, ешкі, қозы, жылқы, лақтардың пұшпақ терісінен жасайды. Теріні илеп, өңдеп, бояп алған соң, қоржынның көлеміне сәйкес теріні тандап тігеді. Қоржынның екі басының үстіне қарайтын беттері мен жапқыншының аузын әрлеп құрастырады, ішкі жағын астарлайды. Өрнектеп жасалған тері қоржын көші-қонмен жолаушылаған кезде көрікті ат әбзелдерінің бірі есептеледі.

Қауға – би мен інген, сиыр саууға пайдаланылатын тері шелек. Құдықтан су тартуға, әпкішпен су әкелуге болады. Түйе мен сиыр терілерін керіп, сыйымдылығына сай, түбі мен қабырғасын өлшеп кесіп, түбіне дайындалған шеңбер көмкеріп, жанын тігіп болған соң, түп шеңбермен қабырғасын тұғастырады. Ауыз шеңберінің екі жағына баулық бекітетін құлақтық қоса тігіледі. Ауыз жағы түбінен сәл кеңдеу болады.

Дүңгіршек – күнделікті сүттің қаймағын жинап, біраз уақыт сорғытып, сарымай шайқайтын, қаймақ салатын ыдыс. Жасау әдісі қауғаға ұқсас келеді. Қауғаға арнайы темірден шеңбер жасаса, дүңгіршектің аузына ғана жуан сымтемір немесе қараған тобылғыдан шеңбер жасап орнатады. Екі жанына теріні қабаттап тігіп, баулық бекітетін құлақша жасайды. Аузына тақтайдан қақпақ жасалады. Көші-қонда шайқалмаған қаймақты дүңгіршегімен алып жүруге қолайлы болады.

Кесене – ертедегі жаугершілікте ұзақ сапарға ет тағамдарын салып алатын қапшық дорба. Саба мен торсық жасайтын терілерден аузын жауып тұратын қақпақ шығарып, екі жақтауы бар кәдімгі сөмке пішінде белге байлап жүруге лайықтап жасайды.

Баспақ – көші-қон қажетіне лайықтап, балға, кемпірауыз, біз, бұрғы, қолара, егеу, үскі, түрпі, қашау, кескіш сынды саймандар салатын шағын тері сөмке. Баспақты жылқы терісі, көбіне жылқының бас терісінен жасайды. Терінің жүнін алмай өңдеп, жұмсартқан соң, жүнін сыртқа қаратып, аузының екі жағына тақтайша орнатып, оны аралық қалтырып тесіп,

қайыстан баспақтың аузын буын өткізеді. Баспақты сәндеу үшін терінің жалы мен көзін бір жанына келтіріп, көзіне тас орнатып, керегенің басына адам көретіндей етіп іліп қояды.

Қапшық – көшу, мал отарлату, аңшылық, ұзақ сапарға жолаушылауға қажетті ыдыс. Оны ер адамдар беліне байлап жүреді. Қапшық – ірі-қара терісінен илеп, түп жағын шақпақ тасқа қатты үйкегенде от ұшқын шығаратын жол темір орнатып, ішін екіге бөліп, аузына күмістеген темірден немесе жезден бетіне ойықша, емізікше орнатып, жапқанда біріне-бірі кірісіп, аузын бекітіп тұратындай етіп жасайды.

Қын – ата-бабамыз ер азаматтарды түздің адамдары деп, бала кезінен бәкі мен пышақ алып жүруді лайық көрген. Ер азаматтар бәкі-пышақтарын арнаулы қын жасап, беліне байлап жүрген. Қынды былғарыдан жасап, осы күнгі қын сияқты белбеуге өткізіп алатын болған.

Шонтай – мал өсіруде ақсақ-тоқсақ, жауыр малға дәрі-дәрмек салатын былғары дорба. Шонтайды қошқардың терісін жармай сойып, жүнін алып өндеп, аузын бүрмелеп, жіп пен таспа өткізіп, кереге басына іліп қояды немесе белге байлап жүреді.

Нан жарғақ немесе сытыра – асқа нан илегенде жаятын дастархан. Ертеде көші-қон қажетіне қарай, қой терісінен төрт бұрыштап кесіп, кәдімгі киім тігетін машинаның сирек тігісімен тігіп, бүктеп қаттаған да баулық бекітіп, кереге басына, бақанға іліп, тұрмыста пайдаланады. Мұндай жарғақ шыдамды, таза, жеңіл, ішіне құйылған ашытқы бұзылмайды, сапасын сақтайды.

Мес - көбінде жуан серкелердің терісінен жасайды. Месті өте сақ сояды. Бітеу теріге сұйық ақ тағам құйуға қолайлы келеді. Мес ыдысқа қазақтар қымыз тағы басқадай сұйық «ақ тағамдарды» құяды. Мес үлкен, торсып тұрады. Семіз қарынды адам, малды «мес қарын» деп теңейді. Тойымсыздарды да «мес», «мешкей» деп жатады. Мес өте көне ыдыс –құрал. Онымен сусынды ұзақ жорық, сапарға да алып жүруге қолайлы келеді.

Қорытындылай келе, халық шеберлерінің өзі жасайтын бұйымының қолданылу мақсатын, оны қалай өрнектеуге қандай материалды пайдалануға болатынын жақсы түсініп, оны әзірлеудің жоғары технологиясын терең сезіне білген. Қолданбалы өнердің негізгі шикізаты – тері өнімі. Тері өнімдерінен көптеген ыдыстар, тұрмысқа қажетті заттар жасаған. Тері илеуші қазақтар ерте кезден бері теріден ат әбзелдері, әйелдер мен еркектердің белбеулері, сандықтарды бууға арналған орамалдар, сонымен қатар әсем өрнектелген ыдыс-аяқтар, түрлері мен көлемдері әртүрлі местер мен торсықтар жасай білген. Ал тері тұскиіздер жасау көп уақыт жұмсау, ауыр еңбекпен келетін шеберлік саналатын. Бұл ұлттың үлкен құндылығы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://qarmaqshy-tany.kz/kogam/6321-ter-ileu-de-ner.html> Г.Нұртазаева
2. <https://baribar.kz/student/10672/teriden-bylgharydan-syylyq-buyym-zhasau-tekhnologiyasy/>
3. Кәмәләшұлы Б. Қазақтың байырғы салт-дәстүрлері. – Алматы: Өнер, 2006.-152 бет
4. "Шаңырақ" үй-тұрмыс энциклопедиясы. - Алматы. 1991.